

Бекітемін
«Қостанай облысы
әкімдігінің мәдениет
басқармасы» ММ
басшысы

Е. Қалмақов

2021 жылғы « » ақпан



**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өтетін
«Тобыл толқындары» онлайн ашық аймақтық
халық билері байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

Өткізу уақыты

- 2021 жыл, наурыз

Өткізілу форматы

- онлайн

Ұйымдастырушылар

- «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ;
- «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК

Байқаудың мақсаты

- көркемөнерпаздардың би шығармашылығына қолдау көрсету;
- Қазақстан халқының мәдени мұрасын насихаттау;
- Қазақстан аумағында тұратын халықтардың дәстүрлі мәдениетін дамыту;
- үздік шығармашылық хореографиялық ұжымдарын анықтау;
- жастарды хореографиялық өнерге тарту және шығармашылық өсу үшін жағдай жасау.

Байқаудың жалпы сипаттамасы

Байқау екі кезеңде өткізіледі:

- бірінші кезең – сюжеттік қазақ биін орындау (ұзақтығы 4 минуттан аспауы қажет);
- екінші кезең – ұжымның таңдауы бойынша халық биін орындау;

Қостанай облысының үздік хореографиялық ұжымы 2022 жылдың наурыз айында өтетін Халықаралық «Наурыз достарын шақырады» фестиваліне қатысады.

Бағалау критерийлері

- орындау техникасы;
- қойылым жұмысының композициялық шешімі;
- ұлттық сахналық киімнің сәйкестігі;
- музыкалық безендіру және фонограмма сапасы;
- сапалы бейнежазба.

Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар:

- «Тобыл толқындары» байқауына 13 және одан жоғары жастағы қатысушылар қатыса алады;
- конкурсқа сапалы түрде жазылған бейнежазбалар (*монтаждалған бейнежазба қабылданбайды*) қабылданады;
- бейнежазбаны түсіру уақытында бейнекамераның жұмысын тоқтатуға болмайды;
- байқау қорытындысы 2021 жылдың 29 наурыз күні instagram әлеуметтік желісіндегі @culture_qostanai парақшасында жарияланады.

Қазылар алқасы

- қазылар алқасы би өнерінің кәсіби мамандарынан тұрады;
- қазылар алқасының шешімі құзыретті және қайта қарауға жатпайды.

Өтінім беру шарттары

- өтінімдер 2021 жылғы наурыз айының 19 наурызына дейін hsb@ocsnt.kz электронды поштасы бойынша қабылданады (байланыс телефоны: 8 (7142) 56-04-12, 56-01-29).

Қабылданатын құжаттар:

- ұжымның шығармашылық мінездемесі;
- ұжымның түрлі-түсті фотосуреті;
- өтінім (нысан қоса берілді).

Марапаттау

- лауреаттар дипломмен және бағалы сыйлықпен марапатталады.